

Павлодар облысының кейбір елді мекендерін қайта атау және транскрипциясын өзгерту туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 16 қазандағы № 8 және Павлодар облыстық мәслихатының 2017 жылғы 16 қазандағы № 154/16 бірлескен қаулысы мен шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 30 қазанда № 5659 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 30 мамырдағы және 2017 жылғы 15 тамыздағы қорытындылары негізінде, тиісті аумақтар тұрғындарының пікірін ескере отырып, Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар облысының кейбір елді мекендері:

1) Баянауыл ауданы бойынша:

Баянауыл ауданы Күркелі ауылдық округінің "Большевик" ауылы "Шоманкөл" ауылы болып;

Баянауыл ауданы Шөптікөл ауылдық округінің "ЦЭС" ауылы "Майкөбе" ауылы болып;

Баянауыл ауданы Қызылтау ауылдық округінің "ТЭЦ" ауылы "Үйтас" ауылы болып ;

Баянауыл ауданы Күркелі ауылдық округінің "Күркелі" ауылы "Жұмат Шанин" ауылы болып қайта аталсын;

2) Павлодар қаласы бойынша:

Павлодар қаласы "Муялды" ауылы атауының транскрипциясы "Мойылды" ауылы деп өзгертілсін.

2. Осы қаулы және шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облысының әкімі

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Б. Бақауов

О. Крук

В. Берковский

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК